




СТЕПНОГОРСК

АҚШАМЫ

www.baq.kz

Аймақтық қоғамдық-саяси газеті

31 наурыз 2016 жыл №13 (503)

Бағасы 30 теңге

ҚАЗАҚСТАН ӘЛЕМНІҢ 50 ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЭКОНОМИКАСЫ ҚАТАРЫНА ҚОСЫЛДЫ



Қазақстан әлемнің 50 инновациялық экономикасы қатарына қосылды - Нұрсұлтан Назарбаев

Қазақстан әлемнің үздік 50 инновациялық экономикасының қатарына қосылды. Елбасы «Нұр Отан» партиясының XVII съезі барысында осындай мәлімдеме жасады.

«Соңғы 17 жылда «Нұр Отан» партиясының

көшбасшылық кезеңінде ұлттық экономиканың жалпы көлемі 23 есеге өсті. Соңғы алты жылда экономиканың 28 жаңа саласы пайда болды, 890 жаңа өндіріс өз жұмысын бастады. Қазақстан бұрын ешқашан өндірілмеген 400 жаңа өнім түрлерін шығара бастады. 17 жылдың ішінде халықтың жан басына шаққандағы ІЖӨ елімізде 20 есеге өсті», - деп атап өтті Елбасы.

Бұдан басқа, Елбасы әлемдік экономиканың нашарлауы жағдайында Парламент пен Үкімет экономикалық және әлеуметтік дамудың барлық бағыттары бойынша үйлесімді жұмыс атқарды.

Сондай-ақ Нұрсұлтан Назарбаев өңдеуші өнеркәсіп көлемі 1,3 есеге артқанына ерекше көңіл бөлді. Құрылыс саласындағы отандық өнімнің үлесі 72%-ға жеткендігіне назар аударды. «Нұрлы жол» бағдарламасын іске асыру жалғасуда.

Қол жеткізілген көрсеткіштер - барлық өңірлерде партияның қарқынды жұмыстарының нәтижелері деп қорытындылады Елбасы.

www.ortcom.kz

Жаңа депутаттар сессияға қатысты

28 наурыз күні Степногорск қалалық мәслихатының алтыншы шақырылымдағы бірінші сессиясы болып өтті. Аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы А.Рай басқосуды ашып, жаңадан депутат болып сайланған халық қалаулыларын ресми түрде атап өтті. Сайлау қорытындысымен таныстырды. Басым дауыспен «Нұр Отан» партиясы таза жеңіске жеткен. Алтыншы шақырылымдағы қалалық мәслихаттың депутаттары болып мына кісілер сайланған. Ол жайлы аумақтық сайлау комиссиясы төрағасының орынбасары В.Бессуднов мәлімдеді.

№1 сайлау округі бойынша А.Т.Каршагенов 81,99% дауыс жинаған.

№2 сайлау округі бойынша Ф.Б.Көпеева 80,92% дауыс жинаған.

№3 сайлау округі бойынша В.А.Козейчук 83,09 дауыс жинаған.

№4 сайлау округі бойынша А.Х.Дүйсенов 79,48% дауыс жинаған.

№5 сайлау округі бойынша Х.Е.Шөкенов 83,54% дауыс жинаған.

№6 сайлау округі бойынша Н.Б.Подолько 84,76% дауыс жинаған.

№7 сайлау округі бойынша Д.С.Балпанов 83,33% дауыс жинаған.

№8 сайлау округі бойынша Н.В.Лощинская 85,39 дауыс жинаған.

№9 сайлау округі бойынша О.А.Джағпаров 83,96% дауыс жинаған.

№10 сайлау округі бойынша Н.А.Морозова 82,96% дауыс жинаған.

№11 сайлау округі бойынша А.С.Гетманов 84,20% дауыс жинаған.

№12 сайлау округі бойынша С.Т.Алпысбаев 82,39% дауыс жинаған және

№13 сайлау округі бойынша Д.И.Жаманбаев 80,25% дауыс жинаған.

Осы халық қалаулыларына депутаттық куәліктер мен төсбелгілер салтанатты жағдайда тапсырылды. Депутат С.Алпысбаевтың ұсынысымен бірінші сессияға төраға болып В.Козейчук сайланды. Степногорск қалалық мәслихаты депутаттарының «Нұр Отан» партиясы фракциясын тіркеу мәселесі қаралды. Депутат Х.Шөкенов қалалық мәслихат хатшысын сайлау туралы өз ұсынысын жасады. Ол бұл лауазымға депутат Ф.Көпееваның кандидатурасын ұсынды. Оны қолдап депутат Н.Лощинская сөз сөйледі. Депутаттар бірауыздан Ф.Б.Көпееваны қалалық мәслихат хатшысы етіп бекітіп берді. Өз кезегінде Ф.Көпеева сөз сөйлеп, өзіне сенім білдіргені үшін әріптестеріне алғыс сезімін жітікізіп, халыққа қызмет етуде бар күшін сарқа пайдаланатынын атап көрсетті. Одан кейін қалалық мәслихат жанындағы тұрақты комиссиялардың құрамы бекітілді. Келесі сессияда қаралатын күн тәртібі де айқындалып алынды. Күн тәртібінде қаралған мәселелерге байланысты тиісті шешімдер қабылданды.

Қала әкімі Ә.Қ.Күмпекеев сөз сөйлеп, күні кеше өткен сайлаудың елімізде, соның ішінде қаламызда ойдағыдай өткенін атап көрсетіп, ұйымшылдық танытқаны үшін көпшілікке алғыс сезімін жеткізді. 16 халық қалаулысы таңдалса, соның ішінде 3 депутат облыстық мәслихатқа депутат болып отыр. «Нұр Отан» партиясының басым дауысқа ие болуы, ел келешегіне деген сенімнің артып отырғанын көрсетеді деді ол. Бесінші шақырылымдағы халық қалаулыларына да айтар алғыстар көп. Алдағы уақытта халық қалаулыларымен бірлесе жұмыс жасайтын боламыз.

Полатбек ЖАНБАЕВ



Ақмола облысында жаңарған мәслихат өз жұмысын бастады



Облыс әкімі Сергей Кулагиннің қатысуымен ү.ж. 25 наурызда болған алтыншы шақырылған облыстық мәслихаттың бірінші сессиясында облыстық сайлау комиссиясының төрағасы Әділхан Шаяхметов жаңадан сайланған депутаттарға және шақырылғандарға өңірдегі дауыс беру қорытындысы туралы айтып берді.

«Ақмола облыстық мәслихатына сайлау 33 сайлау округі бойынша жүргізілді. Сайлау алдындағы науқан барысында 102 үміткер тіркелді, соның ішінде 33 үміткер «Нұр Отан» ХДП-сынан. Облыс

бойынша сайлаушылардың жалпы саны 476988 адамды құрады. Сайлауға 380087 сайлаушылар немесе 79,68% қатысты.

Сайланған депутаттардың жалпы санының 29-ы ер және 4-і әйел адамдар. 78%-нан көбі коммерциялық құрылымдардың басшылары.

Депутаттар арасында 12 инженер, ауыл шаруашылығының 4 маманы, 3 заңгер, 6 экономист, 2 дәрігер, 4 мұғалім және 2 басқа мамандықтың иелері бар. Барлық 33 депутат жоғары білімді.

Облыстық мәслихат депу-

татына 5 ұлттың өкілі сайланды: 20 депутат тұрғылықты ұлт, 10 орыс, бір неміс, бір татар және бір чуваш.

Жастары бойынша: 45 жасқа дейін — 7 адам, 55 жасқа дейін — 16, 60 жасқа дейін — 2, 60-тан жоғары — 8», — деп атап кетті өз сөзінде Ә. Шаяхметов.

Депутаттар куәліктерін алған соң облыстық мәслихат хатшысын сайлады — бірауыздан Дулат Нұрмолдиннің кандидатурасын қолдады, ол бұрын да аталған лауазымда жұмыс істеген.

Сонымен қатар, халық қалаулылары тұрақты комиссиялардың құрамы мен төрағаларын бекітті.

Сонымен, экономика және бюджет сұрақтары жөніндегі комиссия төрағасы болып Серік Аяғанов; әлеуметтік сұрақтар жөнінде — Елена Машинская; аграрлық сұрақтар және индустриалдық-инновациялық даму — Нартай Ысқақов тағайындалды. Әсен Жақсылықов депутаттық этика, заңдылық, экология және табиғатты пайдалану сұрақтары жөніндегі комиссияны басқаратын болады.

Қорытындысында өңір басшысы облыстық мәслихат депутаттарын құттықтап, оларға жемісті еңбек етуді тіледі.

www.akmo.gov.kz

Қоғамдық келісім кеңесі болып өтті

Қалалық Ішкі саясат бөлімінің ұйымдастыруымен қоғамдық келісім кеңесінің отырысы болып өтті. Жиынды қала әкімінің орынбасары Нариман Әбдірахманов ашып, жүргізіп барды. Кеңес қоғамдық келісім мен ұлттық бірлікті нығайту, мемлекеттік органдар мен қоғамдық институттар арасындағы өзара іс-қимылды жетілдіру жөнінде ұсынымдар мен ұсыныстар әзірлеу, ардагерлер, кәсіподақ, жастар бірлестіктерін және де

басқа қоғамдық ұйымдарды мемлекеттік ұлттық саясатты насихаттауға, сондай-ақ іске асыруға тарту сияқты функцияларды орындайды. Көптер мен ауыл әкімдері тұрғылықты жерлерде атқарылып жатқан қоғамдық кеңестің жұмыстары жайлы ақпараттар таратты. Жалпы айтқанда қоғамдық кеңестер мәселені шешуде өзіндік пікірі қалыптасқан адамдардан құралған Білім бөлімінің басшысы Т.Семенов этносаралық

келісімді нығайту және ұлттық бірлікті сақтау бағытындағы атқарылып жатқан жұмыстар туралы атап көрсетті. Шағын ұлттық Ассамблеялар маңызды жұмыстар атқарып келеді.

Басқосуды қала әкімінің орынбасары Н.Т.Әбдірахманов қорытындылады.

Жұлдыз ШАПАУОВА

Екінші сессия болып өтті

Сейсенбі күні Степногорск қалалық мәслихатының алтыншы шақырылымдағы кезектен тыс екінші сессиясы болып өтті. Сессияға депутат В.Козейчук төрағалық етті. Басқосуға қала әкімінің орынбасарлары, бөлім басшылары, кенттер мен ауыл әкімдері, БАҚ өкілдері қатысты. Күн тәртібінде 5 мәселе қаралды. Степногорск қалалық мәслихатының 2015 жыл 28 желтоқсандағы № 5С-48/2 «2016-2018 жылдарға арналған қала бюджеті туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы Степногорск қалалық Экономика және қаржы бөлімінің басшысы Ш.Төлегенова ақпарат берді.

Аталмыш шешімнің жаңа редакциясы төмендегіше өзгерістермен толықтырылады. Кіріс жағы – 4 498 214 мың теңге, соның ішінде салық түсімдері – 2 678 900 мың теңге. Салықтан басқа түсімдер – 39 315 мың теңге болған. Негізгі капиталды сатудан түскен түсімдер – 32 000 мың теңге көлемінде болды. Трансферттер түсімі – 1 747 999 мың теңге болып отыр.

Жұмсалғандар – 4 511 440,6 мың теңге. Таза бюджеттік кредиттеу – 1 854 мың теңге. Соның ішінде бюджеттік несие – 3 182 мың теңге. Бюджеттің несиені өтеу – 1 328 мың теңге.

Бюджет тапшылығы – 15 080,6 мың теңге. Тапшылықты қаржыландыру – 15 080,6 мың теңге.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша қалалық Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Л.П.Белоглядова ақпараттандырды. Степногорск қалалық мәслихатының 2015 жыл 17 ақпандағы № 5С-37/6 санды «Степногорск қаласы бойынша аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету тәртібі мен көлемін анықтау туралы» шешіміне өзгерістер енгізу жайлы мәселе қаралды.

Степногорск қалалық мәслихатының 2015 жылғы 12 наурыздағы № 5С-37/6 «Жер салығы мен бірыңғай жер салығын пайдаланбаған Степногорск қаласы аумағы шекарасындағы ауыл шаруашылығы жерлері ставкаларын арттыру» туралы қалалық Жер қатынастары бөлімінің басшысы Ә.Мұсабаева мәлімет берді.

Степногорск қаласы әкімдігі жанындағы лаңкестікке қарсы комиссия құрамын бекіту туралы қала әкімі аппаратының басшысы Е.Тарасова ақпараттандырды.

Степногорск қаласы әкімдігі жанындағы мәдениетті дамыту бойынша комиссияның құрамын бекіту туралы қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Г.Әбілова ақпараттандырды.

Депутаттар күн тәртібіндегі қаралған мәселелерге байланысты тиісті шешім қабылдады.

Осымен Степногорск қалалық мәслихатының екінші сессия өз мәресіне жетті.

Полатбек ЖАНБАЕВ

Қала әкімінің жоспарлы кеңесі

Дүйсенбі күні Степногорск қаласы әкімінің жоспарлы кеңесі болып өтті. Кеңесті қала әкімі Әнуар Күмпекеев ашып, жүргізіп барды. Кеңейтілген отырыста екі мәселе қаралды. Аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы Александр Рай 20 наурыз күні болып өткен Қазақстан Республикасы парламенті Мәжілісіне және жергілікті мәслихат депутаттарын сайлау науқанының қорытындысы жайлы мәлімет жасады.

Сайлау науқаны елімізде ойдағыдай өткен болса, соның бір бөлшегі болған біздің аумақта да сайлау үлгілі деңгейде өтіп отыр. Қала мен кенттерді және ауылдарда дауыс беру ұйымшылдықпен өтті. Сайлауды 200-ден астам бақылаушы мен БАҚ өкілдері қадағалаған. Ешқандай шағым түскен жоқ. Азаматтарымыз өздерінің конституциялық құқықтарын орнымен пайдаланып, таңдауларын жасады. ОСК мәліметі бойынша елімізде дауыс беретін 9 810 852 азамат болса, соның 7 566 150-і сайлауда дауыс берді. Еліміз бойынша 77,12 пайыз адам дауыс берген. Біздің Степногорск аумағында 44 855 сайлаушы бар болса, соның 87,31 пайызы дауыс берді. Бұл жақсы көрсеткіш.

Степногорск қаласы бойынша ҚР Парламенті

«Нұр Отан» партиясы	- 81,38 %
Қазақстан Халықтық Коммунистік партиясы	- 9,66 %
Қазақстанның «Ақ ЖОЛ» демократиялық партиясы	- 6,72 %
«Бірлік» саяси партиясы	- 0,21 %
Жалпыұлттық социал-демократиялық партиясы	- 0,59 %
«Ауыл» халықтық-демократиялық патриоттар партиясы	- 1,44 %

Мәжілісіне сайлау қорытындысы бойынша мынадай нәтиже белгілі болды:

Степногорск қаласы аумағынан Ақмола облыстық мәслихатына үш депутат сайланды. № 6 облыстық сайлау округі бойынша 80,48 % дауыспен - Камелиденов Жанболат Шағбанұлы; № 7 облыстық сайлау округі бойынша 81,40 % дауыспен - Томилов Анатолий Иванович және № 8 облыстық сайлау округі бойынша 83,55 % дауыспен - Наурызбаева Бағлан Назымбековна сайланды. Қалалық мәслихатқа депутаттар таңдау да ойдағыдай өтті. «Нұр Отан» партиясы ұсынған үміткерлер алға озды. №1 сайлау округі бойынша А.Т.Каршагенов 81,99% дауыс жинаған. №2 сайлау округі бойынша Ф.Б.Кепеева 80,92% дауыс жинаған. №3 сайлау округі бойынша В.А.Козейчук 83,09 дауыс жинаған. №4 сайлау округі бойынша А.Х.Дүйсенов 79,48% дауыс жинаған. №5 сайлау округі бойынша Х.Е.Шәкенов 83,54% дауыс жинаған. №6 сайлау округі бойынша Н.Б.Подолько 84,76% дауыс жинаған. №7 сайлау округі бойынша Д.С.Балпанов 83,33% дауыс жинаған. №8 сайлау округі бойынша Н.В.Лощинская 85,39 дауыс жинаған. №9 сайлау округі бойынша О.А.Джағпаров 83,96% дауыс жинаған. №10 сайлау округі бойынша Н.А.Морозова 82,96% дауыс жинаған. №11 сайлау округі бойынша А.С.Гетманов 84,20% дауыс жинаған. №12 сайлау округі бойынша С.Т.Алпысбаев

82,39% дауыс жинаған және №13 сайлау округі бойынша Д.И.Жаманбаев 80,25% дауыс жинаған.

Сайлауға ұйымшылдықпен қатысқан азаматтарға көп алғыс айтамыз. Қала әкімі Ә.Қ.Күмпекеев науқанды ұйымшылдықпен өткізуге көмек көрсеткен баршаға, басшыларға ризашылық сезімін жеткізді. 16 халық қалаулыларының жұмыстарына табыстар тіледі.

ТҚШ, ЖК ж АЖ бөлімі басшысының міндетін атқарушы О.Баймақов тазалық айлығында атқарылуға тиісті шаруалар жайлы ақпараттандырды. 2016 жылдың 17 наурызында қала әкімінің арнайы қаулысы шыққан. Ағымдағы жылдың 4 сәуірі мен 20 мамыры аралығында қала мен оның аумағын абаттандыру, жасылдандыру және көріктендіруге қаратылған. Айлықты өткізу комиссиясы түзілген. Жоспарлар жобасы да құрылған. Әр аптаның бейсенбісінде тазалық күнін өткізу көзделген. Оған заңды және жеке тұлғалар атсалысуға тиіс. Мекемелерге аумақтар бөліп берілген. Ірі кәсіпорындар мен мекемелер өздеріне бекітілген жерлерді көріктенуіне, тазалығына, жасылдануына жауап береді. Шөптерді қырку да қоса атқарылады. ТҚШ бөлімі тазалықтың қадағалаушысы болып табылады. Кенттер мен ауылдардың әкімдері де өз аумақтарын сондай таза ұстауға тиіс. Әкімдік бөлімдері де сондай жауапкершілікті алып барады. ПИК, ЖИК, бизнес нысандары, кәсіпорындар мен мекемелер тазалыққа қатаң қарауға міндетті. Ағаштар мен гүл көшеттері отырғызылады, газондар жаңартылады. Автожолдар сақталады. Қоғамдық орындар маңындағы тәртіпсіз өскен шөптер қырқылуға тиіс. Тазалық мекемесі басты шаруаларды атқарады. Сәуір айының өзінде 1000 түп ағаш отырғызылуға тиіс. Білім ошақтары да бұл шаруадан тыс қалмайды. Қаладағы 274 үйге 57 шөп қырқығыш құрал керек. 36 қырқығыш бар көрінеді. Тағы 10 шөп қырқығышты іске қосқан жөн болады. ПИК, ЖИК орындары басты шаруаларды атқарады. «Степногорск Тазалық» ЖШС қаланың орталық көшелерінің абаттануына қарайды.

Биылғы жылы гүлзарларды жаңарту назарда болады. Ол 3 000 м2 аумақты қамтиды. Өткен 2015 жылы 700 м2 аумақ қамтылған еді. Гүл алаңдары мына жерлерде болады: Ұрпақтар алаңы, Жеңіс ескерткіші, «Дала аңызы» алаңы, «Горняк» ОМС алаңы, «Нұр Отан» тұғыры, 2-ықшамаудандағы Көркемсурет мектебінің тұғыры, Спорткешен, «Мирас» МҮ, Демалық аймағы, «Самұрық» субұрқағы, «Степногорск» қонақ үйі маңайы, Әкімдік алаңы, Тутұғырмаңы, айналма жол орталығы, тағы басқа жерлер. «Айлы» даңғылы бойы көріктендіріледі. «Степногорск-су арнасы» мекемесі де бірқанша алаңдарға гүлдер отырғызады. Ол 660 м2 аумақты қамтитын болады. Зотов ЖК гүл тұқымдарымен қамтамасыз етуге уәде беріп отыр.

Қала әкімі Әнуар Күмпекеев ағымдағы мәселелерге де тоқталып өтті. 1-44 мекенжайындағы тұрғын үй мәселесін тез арада шешуді тиісті басшыға тапсырды. Спорт жұмысын аяққа тұрғызу күн тәртібінде болуға тиіс. Нәтижелер көңіл қуантпайды.

Осымен жедел отырысты кеңес өз жұмысын аяқтады.

Полатбек ЖАНБАЕВ

Жалпы орта білім беру ұйымдарында оқу жетістіктерін сырттай бағалауды ұйымдастыру және өткізу

2007 оқу жылынан бастап 2007 жылғы 27 шілде № 319-III ҚР «Білім туралы» Заңының 55 бабына сәйкес еліміздің барлық аумақтарында жыл сайын ОҚУ ЖЕТІСТІКТЕРІН СЫРТТАЙ БАҒАЛАУ (ОЖСБ) – білім беру ұйымына тәуелсіз, оқыту саласына мониторинг түрлерінің бірі өткізіліп тұрады.

ОБ ОЖСБ мақсаты:

• Оқу жетістіктерінің деңгейін бағалау

• Білім алушылардың негізгі орта, жалпы орта білім берудің білім беретін оқу бағдарламаларын меңгеру деңгейін айқындау

ОБ ОЖСБ міндеттері:

• Білім алушылардың оқу жетістіктерін мониторингілеуді жүзеге асыру

• Оқу процесін ұйымдастырудың тиімділігін бағалау

• Білім беру ұйымдары көрсететін білім беру қызметінің сапасына салыстырмалы талдау жасау

2015-2016 оқу жылында ОЖСБ өткізудегі ҚР «Білім туралы» Заңының 55 бабына өзгерістер енгізілді.

Негізгі мақсаты:

• білім беру қызметтерінің сапасын бағалау және білім алушылардың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарда көзделген бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын және жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын меңгеру деңгейін айқындау

ОЖСБ өткізіледі

• бастауыш мектепте – оқу жетістіктерін мониторингтеу мақсатында іріктеу арқылы

• негізгі мектепте – оқу жетістіктерін мониторингтеу және оқу процесін ұйымдастырудың тиімділігін бағалау мақсатында бес пән бойынша

• жалпы орта мектепте – оқу жетістіктерінің деңгейін бағалау мақсатында ұлттық бірыңғай тестілеу форматында бес пән бойынша

ОЖСБ-ы екі түрде тапсырлады арнайы бланктер арқылы және компьютерлік тестілеу әдісі арқылы.

ОЖСБ-ы өткізілетін мектептер жыл сайын Білім саласындағы уәкілетті органмен анықталады.

ОЖСБ- білім алушылар білім алып жатқан білім беру ұйымдарының базасында өткізіледі.

Пәндер мен тест тапсырмалар саны, тестілеу уақыты.

4 сыныптар 2 пәннен тест тапсырады. Математика және әдебиеттік оқу. Әр пән бойынша 15 тестік тапсырмадан, жалпы сұрақтар саны 30 тапсырма. Тестілеуге берілетін уақыт 70 минут (1 сағ 10 мин).

Математика 30 миң әдебиеттік оқуға 40 минут.

Бастауыш білім беретін оқу бағдарламаларына сәйкес тест тапсырмаларының спецификациясы мынандай болады.

Берілген 4 жауап нұсқасынан бір дұрыс жауапты таңдайтын тапсырмалар

Тест тапсырмаларының қиындығы 3 деңгейде беріледі:

Әр пән бойынша:

• бірінші деңгей – 7 (А)

• екінші деңгей – 5 (В)

• үшінші деңгей – 3 тапсырма (С)

Дұрыс орындалған әр тапсырма үшін - 1 балл

Жоғары балл – 30

9 сыныптар 2 пәннен тест тапсырады. Қазақ тілі және қалған пәндер. Жалпы сұрақтар саны 60 тапсырма, қазақ тілі бойынша 20 тапсырма, қалған пән бойынша 40 тапсырма. Тестілеуге берілген жалпы уақыт 130 минут (2 сағ 10 мин).

Қазақ тіліне 40 минут, қалған пәндерге 90 минут беріледі.

Қазақ тілі (міндетті пән).

Берілген 5 жауап нұсқасынан бір дұрыс жауапты таңдау бойынша - 15 тапсырма, оқу сауаттылығына - 5 тапсырма.

Тест тапсырмаларының қиындығы 3 деңгейде беріледі:

• бірінші деңгей – 10 (А)

• екінші деңгей – 7 (В)

• үшінші деңгей – 3 (С)

Дұрыс орындалған әр тапсырма үшін - 1 балл

Жоғары балл – 20.

Қалған пәндер. Дүниежүзі тарихы, Қазақстан тарихы, Биология, География, Орыс тілі (қазақ/орыс мектеп.), Әдебиет, Алгебра, Химия, Физика, Ағылшын тілі

Берілген 5 жауап нұсқасынан бір дұрыс жауапты - 25 тапсырма, бір немесе бірнеше дұрыс жауапты - 15 тапсырма

Тест тапсырмаларының

қиындығы 3 деңгейде беріледі:

• бірінші деңгей – 21 (А)

• екінші деңгей – 12 (В)

• үшінші деңгей – 7 (С)

Дұрыс орындалған бір дұрыс жауапты тест тапсырмасы үшін оқушы 1 балл дұрыс орындалмаған тапсырмаға – 0 балл алады

Дұрыс орындалған бір немесе бірнеше дұрыс жауапты тест тапсырмасы үшін оқушы 2 балл, бір қате үшін – 1 балл, екі және одан да көп қате үшін – 0 балл алады.

Жоғары балл – 55.

ОЖСБ-ға дайындалуға жүргізіліп жатқан жұмыстар

2015-2016 оқу жылында ОЖСБ –ға дайындалу кезінде, әр мектеп өздері сұрақ кітапшаларын алып бірнеше рет байқау сынағын өткізуде, ал мектептер бойынша 1 рет жалпы қалалық байқау тестілеуі өкізілді.

Қалалық тестілеуде білім бөлімінің қызметкерлері мен мұғалімдер мектептерде кезекшілік қызметін атқарды.

ОЖСБ –ға дайындалу үшін тестік сұрақтарға онлайн тестілеу және арнайы бланк арқылы тестік апробация өткізілді. ОЖСБ-ға арналған 2016 жылғы оқу-әдістемелік құралдары шығарылып сатылды.

ОЖСБ – ға дайындауға түсіндірме жұмыстарын жүргізу үшін әр мектепке ата-аналар мен оқушыларға арналған тұсаукесерлер (презентация) мен жадынамалар жіберілді. Мектептер ата-аналар жиналысын өткізіп жадынаманы таратып

тұсаукесерді көрсетулері тиіс.

Тестілеу барысында оқушыларға рұқсат етілмейді:

- бір орыннан екінші орынға ауысуға;

- БСБД және уәкілетті Министрлік өкілінің рұқсатынсыз тестілеу материалдарын ашуға;

- тестілеу материалдарын басқа оқушының материалдарымен айырбастауға;

- калькуляторды, анықтамалық әдебиеттерді (Менделеев және тұздардың ерігіштігі кестесінен басқасын), электрондық жазба кітапшаларың корректор сұйықтығын және байланыс құралдарын пайдалануға;

- басқа оқушылармен сөйлесуге және көшіруге, шпаргалка және басқа да анықтамалық материалдарды қолдануға;

- БСБД және уәкілетті Министрлік өкілінің рұқсатынсыз аудиториадан шығуға.

ОЖСБ-ға байланысты қатысушылар мен ата-аналарға арналған керекті ақпараттарды мына сайттардан көруге болады.

• Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі www.edu.gov.kz

• Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті <http://control.edu.gov.kz>

• Ұлттық тестілеу орталығы www.testcenter.kz

**751 ҰБТӨП жетекшісі
РАХМЕТУЛЛИН Е.А.**

Степногорск қаласы әкімдігінің «2016 жылға арналған, Степногорск қаласы халқының нысаналы топтарына жататын тұлғалардың, қосымша тізбесін белгілеу туралы» қаулысының жобасы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына, «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 5 бабына сәйкес Степногорск қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2016 жылға арналған, Степногорск қаласы халқының нысаналы топтарына жататын тұлғалардың, қосымша тізбесі белгіленсін:

1) зейнеткерлік жас алдындағы жетуге дейін елу жастан үлкен жастағы ер адамдар (жасына байланысты зейнеткерлікке шығуға екі жыл қалған);

2) зейнеткерлік жас алдындағы жетуге дейін қырық бестен үлкен жастағы әйел адамдар (жасына байланысты зейнеткерлікке шығуға екі жыл қалған);

3) ұзақ уақыт бойы жұмыс істемейтіндер (үш айдан артық);

4) орта және орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарын бітірушілер;

5) бұрын жұмыс істемегендер;

6) мүгедектік есебінен шығарылғандар.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Степногорск қаласы әкімінің орынбасары Н.Т. Әбдірахмановқа жүктелсін.

3. Осы қаулы Ақмола облысы Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне өнеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Степногорск қаласының әкімі	Ә. Күмпекеев
Степногорск қалалық мәслихаты шешімінің жобасы	

«Степногорск қаласының әкімшілік шекараларындағы ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге, елді мекендерге Степногорск қаласы бойынша жер салығының ставкаларын жоғарылату (төмендету) туралы» Степногорск қалалық мәслихатының 2014 жылғы 27 наурыздағы№ 5С-26/6 шешіміне өзгеріс енгізу туралы»

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы «Салықтар және бюджетке басқа да міндетті төлемдер туралы» (Салық кодексі) кодексінің 387 баптарына, Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы» Заңының 6 бабына сәйкес, Степногорск қалалық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1.« Степногорск қаласының әкімшілік шекараларындағы ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге , елді мекендерге Степногорск қаласы бойынша жер салығының ставкаларын жоғарылату (төмендету)туралы» Степногорск қалалық мәслихатының 2014 жылғы 27 наурыздағы№ 5С-26/6 (№ 4154 нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген, 2014 жылғы 15 мамырдағы «Степногорск Ақшамы» мен «Вечерний Степногорск» газеттерінде жарияланған) шешіміне келесі өзгеріс енгізілсін:

1 тармағы жаңа редакцияда баяндалсын:

«1,2 қосымшаларына сәйкес, Степногорск қаласының шекараларында елді мекендердің, Степногорск қаласының жер телімдерінің жер салығы ставкаларын жоғарылату (төмендету).

2. Осы шешім Ақмола облысының әділет Департаментінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап заңды күшіне еніп, ресми түрде жарияланғаннан кейін қолданысқа енгізіледі.

Қалалық мәслихат сессиясының төрағасы	С. Алпысбаев
Қалалық мәслихат хатшысы	Г. Копеева
КЕЛІСІЛДІ:	
Степногорск қаласының әкімі	Ә. Күмпекеев
«Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің «Ақмола облысы бойынша Мемлекеттік кірістер Департаменті» Степногорск қаласы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы» Республикалық мемлекеттік мекемесінің басшысы	С. Қойшыбаев

Қоғамдық тыңдау

«Степногорск қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ жанындағы «Степногорск-су арнасы» ШЖҚ МҚҚ жыл сайынғы есеп бойынша судан пайдаланушылар алдында және оларды қызықтыратын мәселелер бойынша 2016 жылғы жүйемен су беру, бөліп жеткеру және тазарту есептері бойынша қоғамды тыңдау өткізеді.

Қоғамдық тыңдау 2016 жылдың 26 сәуірінде сағат 15-те Степногорск қаласының әкімдігі ғимаратының Б блогында өтеді.

Тыңдауға мына кісілер шақырылады: депутаттар, мемлекеттік ұйымдардың өкілдері, қоғамдық бірлестіктер, бұқаралық ақпарат құралдары, тәуелсіз сарапшылар, табиғи монополиялар субъектілері, тұтынушылар мен тұрғындар.

«Степногорск қаласының жер қатынастары бөлімі» ММ-сі ауылшаруашылығы өндірісін жүргізу үшін жер телімдерін берілетін 2016 жылғы 13 сәуірдегі Ақмола облысы, Степногорск қаласы, 4 шағынаудан, 1 ғимарат мекен-жайы бойынша өткізілетін конкурс туралы хабарладыруда, жер телімдерінің тізімінде қате жасалды: № 3 лоты жолында «13677,608 га» деген сөздері «1377,7га» сөздерімен оқылсын.

«Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйді қалай алу»

«Степногорск қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі Заңына сәйкес ҚР Үкіметімен 2014 жылғы 05 наурыздағы мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйге немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйге мұқтаж

Қазақстан Республикасының азаматтарын есепке қою қағидалары бекітілгенін аймақтағы халықтың назарына жеткізеді.

Қағидалар «Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі Заңына сәйкес әзірленді.

Коммуналдық тұрғын үй қорынан тұрғын үйлерге немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйлер тұрғын үйге мұқтаж, осы елді мекенде (тұру мерзіміне қарамастан) тұрақты тұратын және:

1) Ұлы Отан соғысының мүгедектері мен қатысушыларына;

1-1) жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға;

2) халықтың әлеуметтік жағынан осал топтарына;

3) мемлекеттік қызметшілерге, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлеріне, әскери қызметшілерге, ғарышкерлікке кандидаттарға, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкеріне және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдарға;

4) жалғыз тұрғын үйі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен авариялық жағдайда деп танылған азаматтарға жататын Қазақстан Республикасының азаматтары есепке қойылады.

Халықтың әлеуметтік жағынан осал топтарына:

1) Ұлы Отан соғысының мүгедектері мен қатысушылары;

1-1) Ұлы Отан соғысының мүгедектері мен қатысушыларына теңестірілген адамдар;

2) 1 және 2 топтағы мүгедектер;

3) мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары;

4) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 8 қарашадағы № 1309 қаулысымен бекітілген аурулар тізімінде аталған кейбір созылмалы аурулардың ауыр түрлерімен ауыратын адамдар (бұдан әрі – кейбір созылмалы аурулардың ауыр түрлерінің тізімі);

5) жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер;

6) көмелетке толғанға дейін ата-аналарынан айырылған жиырма тоғыз жасқа толмаған жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар жатады. Мұндай адамдардың жасы әскери қызметке шақырылған кезде мерзімді әскери қызметтен өту мерзіміне ұзартылады;

7) оралмандар;

8) экологиялық зілзалалар, табиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдайлар салдарынан тұрғын үйінен айырылған адамдар;

9) көп балалы отбасылар;

10) мемлекеттік немесе қоғамдық міндеттерін, әскери қызметін орындау кезінде, ғарыш кеңістігіне ұшуды дайындау немесе жүзеге асыру кезінде, адам өмірін құтқару кезінде, құқық тәртібін қорғау кезінде қаза тапқан (қайтыс болған)

11) толық емес отбасылар жатады.

Қазақстан Республикасының азаматтары, егер:

1) есепке қойған кезде және коммуналдық тұрғын үй қорынан немесе мемлекеттік кәсіпорынның тұрғын үй қорынан тұрғын үй берген кезде Қазақстан Республикасының аумағында меншік құқығында олардың тұрғын үйі болмаса;

2) есепке қойған кезде және мемлекеттік мекеменің тұрғын үй қорынан тұрғын үй берген кезде осы елді мекенде меншік құқығында тұрғын үйі болмаса;

3) осы елді мекенде тұрақты пайдалануында коммуналдық тұрғын үй қорынан тұрғын үй болмаса;

4) өздері тұрып жатқан тұрғынжайы белгіленген санитариялық-эпидемиологиялық және техникалық талаптарға сай келмесе;

5) жапсарлас, оқшауланбаған тұрғын үй-жайларда

екі және одан да көп отбасы тұрып жатса;

6) отбасы құрамында кейбір созылмалы аурулардың (кейбір созылмалы аурулардың ауыр түрлерінің тізімі бойынша) ауыр түрлерімен ауыратын науқастар болып, бір үй-жайда (пәтерде) олармен бірге тұру мүмкін болмаса, мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйге мұқтаж деп танылады.

Есепке қою үшін мынадай құжаттарды ұсыну қажет:

1) осы Қағидаларға 1, 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша азаматтарды есепке қою туралы өтініш;

2) өтініш беруші мен оның отбасы мүшелерінің жеке куәліктерін не паспорттарың

3) некеге тұру (бұзу), отбасы мүшелерінің қайтыс болуы, балалардың тууы туралы (болған жағдайда) куәліктерінің көшірмелерің

4) аумақтық әділет органының анықтамасын (өтініш берушіде және онымен тұрақты тұратын отбасы мүшелерінде меншік құқығында оларға тиесілі тұрғын үйдің жоқ немесе бар екендігі туралы);

5) есепке қойған жағдайда, мемлекеттік кәсіпорынның не мемлекеттік мекеменің тұрғын үй қорынан тұрғын үйге мұқтаж азаматтар жергілікті атқарушы органның анықтамасын (өтініш берушіде және үнемі онымен бірге тұратын отбасы мүшелерінде осы елді мекенде тұрақты пайдалануында коммуналдық тұрғын үй қорынан берілген тұрғын үйдің бар немесе жоқ екені туралы);

6) азаматтарды тіркеу кітабының көшірмесі не мекенжай анықтамасы, не өтініш берушінің тұрғылықты тұратын жері бойынша тіркелгенін растайтын селолық және/немесе ауылдық әкімдердің анықтамасы;

7) өтініш берушінің отбасы мүшелері деп басқа адамдар танылған жағдайда алғашқысы оларды өтініш берушінің отбасы мүшелері деп тану туралы сот шешімін ұсынады;

8) халықтың әлеуметтік жағынан әлсіз топтарына жататын азаматтар қосымша өтініш берушінің (отбасының) халықтың әлеуметтік жағынан әлсіз топтарына жататынын растайтын құжатты;

9) халықтың әлеуметтік жағынан әлсіз топтарына жататын азаматтар (мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасыларды қоспағанда) өтініш жасаудың алдында отбасының әрбір мүшесіне соңғы он екі ай ішіндегі табысы туралы мәліметті қосымша ұсынады;

10) мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар жұмыс орнынан (қызметтен) анықтаманы қосымша ұсынады. Ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлер Қазақстан Республикасының Үкіметі беретін мәртебесін анықтайтын құжаттарын ұсынады.

11) жалғыз тұрғын үй авариялық жағдайда деп танылған азаматтар осы фактіні растайтын анықтаманы қосымша ұсынады;

12) отбасы тұратын тұрғын үй белгіленген санитариялық-эпидемиологиялық және техникалық талаптарға сай келмеген не жапсарлас, оқшауланбаған тұрғын үй-жайларда екі және одан да көп отбасы тұрып жатқан не отбасы құрамында кейбір созылмалы аурулардың ауыр түрлерімен ауыратын науқастар болып, бір үй-жайда (пәтерде) олармен бірге тұру мүмкін болмаған жағдайда өтініш берушілер тиісті уәкілетті органның анықтамасын қосымша ұсынады.

Жергілікті атқарушы орган, мемлекеттік кәсіпорың, мемлекеттік мекеме мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйге немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйге мұқтаж Қазақстан Республикасының азаматтары кезегінің реттік нөмірін хабарлап және көрсете отырып, есепке қою туралы немесе есепке қюдан дәлелді бас тарту туралы шешімді өтініш берілген күннен бастап отыз күнтізбелік күннен көшіктірмей қабылдайды. Өтініш берушіге жазбаша түрде не почта бойынша не қолма-қол хабарланады.

Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы толық ақпаратты мына телефондар бойынша азамат жүгіне алады: 6-27-09.

«Степногорск қ. ТКШ, ЖК және АЖ бөлімі» ММ бас маманы А. АЛЕНХАН

Қымбатты балалар!

1 сәуір мен 8 сәуір аралығында Степногорск қаласының балалар кітапханасында балалар мен жасөспірімдер апталығы өткізіледі!

Баршаңызды қызықты іс-шараларымыз бен ойын бағдарламаларына қатысуға шақырамыз!

«Кітап жұлдыздары – Книжный звездолад» балалар оқуы фестивалінің бағдарламасы:

1 сәуір сәғ.14.00 - «Сәлем, кітап апталығы!!» - Ашылу мерекесі.

2 сәуір сәғ.10.00 - «Россыйь сказок Андерсена»-театрланған викторина.

4 сәуір сәғ.11.00 - «Қазақ поэзиясының алыбы» - қазақтың ақыны Жамбыл Жабаевтың 170 жылдығына орай – Поэзия сағаты (қазақ тілінде).

5 сәуір сәғ.11.00 - «Круиз по журнальному океану» -Квест-ойын .

6 сәуір сәғ.10.00 - «Пёстрые страницы про были-небылицы!» - балалар ақыны Агния Бартоның 110 жылдығына орай әдеби-шығармашылық вояж.

7 сәуір сәғ.11.00 - «Білгенге маржан» - зияткерлік ойын «Эрудит» клубында (қазақ тілінде).

8 сәуір сәғ.15.00 - «Хорошие книги — друзья навсегда!» - Жабылуы. Оқырмандардың тамашалау күні. Мекенжайымыз: 3 шағын аудан № 84 ғимарат. Байланыс телефоны: 6-66-74

ЖОБА

«Степногорск қаласының экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі туралы Ережені бекіту туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына, «Қазақстан Республикасының мемлекеттік органының Үлгілік ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 29 қазандағы № 410 Жарлығына сәйкес, Степногорск қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Степногорск қаласының экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі туралы қоса берілген Ережесі бекітілсін.

2. «Степногорск қаласының экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамамен белгіленген тәртіпте және мерзімде Ережені Әділет органдарында мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Степногорск қаласының әкімі орынбасарының міндетін атқарушы Сағындық Серікбайұлы Шабаровқа жүктелсін.

4. Степногорск қаласы әкімдігінің осы қаулысы Ақмола облысының Әділет Департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Степногорск қаласының әкімі	Ә.Күмпекеев
Степногорск қаласы әкімдігінің 2016 жылғы « ____ » _____ № _____ қаулысымен бекітілді	
«Степногорск қаласының экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі туралы Ереже	

1. Жалпы ережелер

1. «Степногорск қаласының экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекеме бюджетті атқару, бухгалтерлік есепті жүргізу, бюджеттік есепті және жергілікті бюджеттің атқарылуы бойынша бюджеттік есептілікті жүргізу, бюджеттік жоспарлау саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. «Степногорск қаласының экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекеме өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне және өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. «Степногорск қаласының экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекеме мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

4. «Степногорск қаласының экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекеме азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

5. «Степногорск қаласының экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекеме, егер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

6. «Степногорск қаласының экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекеме өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамамен белгіленген тәртіпте «Степногорск қаласының экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдерді қабылдайды.

7. «Степногорск қаласының экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекеменің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

8. Заңды тұлғаның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 021501, Ақмола облысы, Степногорск қаласы, 4 ықшам ауданы, 1 ғимарат.

9. Мемлекеттік органның толық атауы - «Степногорск қаласының экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекеме.

10. Осы Ереже «Степногорск қаласының экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекеменің құрылтай құжаты болып табылады.

11. «Степногорск қаласының экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекеменің қызметін қаржыландыру жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

12. «Степногорск қаласының экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесіне кәсіпкерлік субъектілерімен «Степногорск қаласының экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекеменің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егерде, «Степногорск қаласының экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесіне заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. Мемлекеттік органның миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

13. «Степногорск қаласының экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекеменің миссиясы: бюджетті жоспарлау және орындау саласында мемлекеттік саясатты іске асыру, коммуналдық меншікті басқару.

14. Міндеттері:

1) бюджетті жоспарлау және орындау процесін үйлестіруді ұйымдастыру;

2) қалалық коммуналдық меншікті басқару жөніндегі жұмысты ұйымдастыру;

3) қалалық бюджетті орындау жөнінде бухгалтерлік есеп, бюджеттік есепті жүргізу және бюджеттік есептілікті құру.

15. Функциялары:

1) жергілікті бюджеттік инвестициялық жобалардың іске асырылуына мониторингті және бағалауды жүргізу;

2) бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің шығыстар лимиттерін, жаңа бастамалардың лимиттерін белгілеу;

3) ағымдағы қаржы жылының 1 қарашасынан кешіктірмей тиісті мәслихатқа қарау үшін қала бюджетінің жобасын ұсыну;

4) заңнамамен белгіленген тәртіпте жергілікті бюджет туралы мәслихат шешімін іске асыру туралы қаулысының жобасын дайындау;

5) жергілікті бюджетке түсетін түсімдерді болжамдау;

6) жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік өтінімдерін, бюджеттік бағдарлама жобаларын қарау, бюджеттік өтінімдер және бюджеттік бағдарлама жобалары бойынша қорытынды жасау, және оларды бюджеттік комиссиясының қарауына жолдау;

7) бюджеттік комиссиясының жұмысын ұйымдастыру;

8) міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарын, жергілікті бюджеттер бойынша түсімдердің және төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарын жасау, бекіту және жүргізу;

9) бюджеттің атқарылуын ұйымдастыру және бюджеттің атқарылуы жөніндегі бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің қызметін үйлестіру;

10) қалалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік органдардың бюджеттік қаражаттарды тиімді басқарудың жыл сайынғы бағалауын жүзеге асыру;

11) артық (қате) төленген соманың бюджеттен қайтарылуына және (немесе) есепке алуына жауапты және салықтық емес түсімдердің, негізгі капиталды сатудан, трансферттерден, бюджеттік кредиттерді өтеу сомаларынан, мемлекеттік қаржы активтерін сатудан, қарыздардан түсетін түсімдердің бюджетке түсуін бақылауды жүзеге асыру;

12) ауылдық елді-мекендерге тұруға және жұмыс істеу үшін келген мамандарға әлеуметтік қолдау шараларын көрсету бойынша жұмысты ұйымдастыру;

13) бюджеттік бағдарламалар әкімшілерімен ұсынатын мемлекеттік сатып алулар және есеп берулер процесінің мониторингін жүзеге асыру;

14) мемлекетпен бақыланатын акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің, жергілікті атқарушы органдарымен жасалған мемлекеттік коммуналдық кәсіпорындарының даму жоспарларының орындалуын бақылау және талдауды жүзеге асыру;

15) Қазақстан Республикасының Бюджеттік кодексіне сәйкес аудандық коммуналдық мүліктерді, сондай-ақ ақшаларды жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерінің жарғылық капиталына, немесе акционерлік қоғам акцияларының төлеміне беру туралы қаулылар жобасын дайындау жөнінде бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің жұмысын ұйымдастыру;

16) аудандық коммуналдық мүлікті аудандық коммуналдық заңды тұлғаларға бекіту жөнінде жұмыстарды ұйымдастыру;

17) егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе аудандық коммуналдық мүлікті (тұрғын үйден басқа) пайдалану туралы, соның ішінде оны мүліктің жалға (жалдауға) беру, өтеусіз пайдалану және сенімгерлік басқару туралы шешім қабылдау;

18) заңнамамен қарастырылған шарттарда табиғи және техногендік сипаттамадағы төтенше жағдайлар кезінде реквизициялау туралы ұсыныстарды енгізу;

19) заңнамамен белгіленген жағдайларында және шарттарда мемлекеттің өз меншігіне алған мүлік үшін ақшалай өтеу төлеуі;

20) заңнамамен белгіленген шарттарда мемлекеттік мұқтаждыққа жер телімінің алымына байланысты жер телімін немесе басқа да жылжымайтын мүлікті тартып алу кезінде өтеулер төлеуі;

21) мемлекеттік мұқтаждыққа жер телімінің алымына байланысты жер телімін немесе басқа да жылжымайтын мүлікті еріксіз тартып алуды бастау туралы немесе мемлекеттік мұқтаж үшін жер телімін еріксіз тартып алуды тоқтату туралы жергілікті атқарушы органның қаулысының жобасын дайындау;

22) мемлекеттік мұқтаждыққа жер телімінің алымына байланысты жер телімін және басқа да жылжымайтын мүлікті сатып алу туралы шарт жасасу;

23) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте коммуналдық меншікке айналдырылған (түскен) коммуналдық мүлікті есепке алуды, сақтауды, бағалауды және одан әрі пайдалануды ұйымдастыру;

24) сенімгерлікпен басқарушының коммуналдық мүлікті сенімгерлікпен басқару шарты бойынша міндеттемелерді орындауын бақылауды жүзеге асыру;

25) аудандық коммуналдық мүліктің (тұрғын үйден басқа), сондай-ақ мүліктің көшен тәрізді кәсіпорындардың жекешелендіруді жүзеге асыру, сонымен қатар жекешелендіру процесін ұйымдастыру үшін делдалды тартады, жекешелендіру объектісін бағалауды қамтамасыз етеді, жекешелендіру объектісін сатып алу-сату шарттарын әзірлеу мен жасасуды және сатып алу-сату шарттары талаптарының сақталуын бақылауды жүзеге асырады;

26) аудандық коммуналдық мүліктің (тұрғын үйден

басқа) пайдаланылуын және сақталуын бақылау жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

27) жергілікті өзін-өзі басқару функцияларын іске асыру үшін жергілікті өзін-өзі басқару органдарына трансферттерді аудару;

28) Қазақстан Республикасының Бюджеттік кодексінің 124, 125 баптарына сәйкес бюджеттік есеп беруді жасау және ұсыну, Қазақстан Республикасының Бюджеттік кодексінің 118, 120 баптарына сәйкес шоғырландырылған қаржылай есеп беруді жасау және ұсыну;

29) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге де функцияларды жүзеге асыру.

16. Құқықтары мен міндеттері:

1) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен белгіленген талаптарды сақтай отырып өз құзыреті шегінде «Степногорск қаласының экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесіне міндеттелген функцияларды атқару үшін мемлекеттік органдардан, кәсіпорындардан және өзге де ұйымдардан тиісті ақпаратты сұрау және алу;

2) өзінің құзыреті шегінде қалалық бағдарламалар, бюджеттік бағдарламалар және өзге де құжаттарды әзірлеу үшін ведомствоаралық топтарды құру туралы ұсыныстар енгізу;

3) бюджеттік өтінімдерді оның ағымдағы бюджеттік бағдарламалар және даму бюджеттік бағдарламалары үшін жеткізілген шығыстар лимитіне алдағы үш жыл кезеңіне қалалық бюджет қаражаттарын бастапқы шығыстау бағыттарының тарапына сәйкес қарау және келісу;

4) бекітілген жергілікті бюджеттік бағдарламалардың экономикалық тиімділігін және мақсатқа лайықтылығын бағалау;

5) жергілікті бюджет қаражаттары есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелердің жергілікті бюджетін орындау жөнінде нормативтік-құқықтық актілер талаптарының сақталуын, жергілікті бюджеттен берілген бюджеттік қаражаттарды, оның ішінде несиелерді нысаналы пайдалануын бақылауды жүзеге асыру;

6) өзінің құзыреті шегінде ақшалай қаражаттарды өтеп алуды (қайтаруды) жүргізу, ұйымдарды олардың бюджеттік қаражаттарды заңсыз және лайықсыз пайдалану жағдайында қалалық бюджеттен қаржыландыруды шектеу немесе тоқтату;

7) жергілікті бюджет есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелердің қаржылай есеп беруін бақылауды жүзеге асыру;

8) мүлікті жалдау (жалға алу), коммуналдық мүлікті өтеусіз пайдалану және сенімгерлік басқару шартын жасау;

9) жалдауға берілген мемлекеттік мүліктің шарттық міндеттерінің орындалуын бақылауды жүзеге асыру;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген басқа да құқықтарды жүзеге асыру және басқа да міндеттерді орындау.

3. Мемлекеттік органның қызметін ұйымдастыру

17. «Степногорск қаласының экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесіне басшылықты «Степногорск қаласының экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және өз функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бірінші басшы жүзеге асырады.

18. «Степногорск қаласының экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекеменің бірінші басшысы заңнамамен белгіленген тәртіпте Степногорск қаласы әкімінің өкімімен лауазымға тағайындалады және лауазымнан босатылады.

19. «Степногорск қаласының экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекеменің бірінші басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалатын және лауазымнан босатылатын орынбасары болады.

20. «Степногорск қаласының экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекеменің бірінші басшысының өкілеттігі:

1) заңнамаға сәйкес «Степногорск қаласының экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекеменің жұмыскерлерін лауазымға тағайындайды және лауазымнан босатады;

2) «Степногорск қаласының экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекеме жұмыскерлерінің міндеттерін және өкілеттіктерін белгілейді;

3) «Степногорск қаласының экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесіне басшылық етуді жүзеге асырады, «Степногорск қаласының экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекеме жұмыскерлерінің жұмысын ұйымдастырады, үйлестіреді және бақылайды;

4) Заңнамамен белгіленген тәртіпте «Степногорск қаласының экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекеменің жұмыскерлерін көтермелеу және марапаттау мәселелерін шешеді және оларға тәртіптік жаза қолданады;

5) «Степногорск қаласының экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекеме жұмыскерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарын бекітеді;

6) «Степногорск қаласының экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекеменің бұйрықтарына қол қояды және «Степногорск қаласының экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекеме жұмыскерлерінің орындалуы үшін міндетті тапсырмаларды береді;

7) жергілікті атқарушы органмен бекітілген штат санының лимиті шегінде «Степногорск қаласының экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекеменің штаттық кестесін және оның құрылымын бекітеді;

8) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаға сәйкес мемлекеттік органдарға және басқа да ұйымдарға «Степногорск қаласының экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекеменің мүдделерін

білдіреді;

9) заңнамамен белгіленген тәртіпте «Степногорск қаласының экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекеменің мүдделерін ұсыну үшін бөлім жұмыскерлеріне сенімхат береді;

10) сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар қабылдайды және ол үшін дербес жауапкершілікті артады;

11) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады;

«Степногорск қаласының экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекеменің бірінші басшысы болмаған кезеңде, оның өкілеттіктерің, қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындайды.

21. «Степногорск қаласының экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекеменің бірінші басшысы өз

орынбасарының өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес белгілейді.

4. Мемлекеттік органның мүлкі

22. «Степногорск қаласының экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекеменің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

«Степногорск қаласының экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекеменің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

23. «Степногорск қаласының экономика және

қамтамасыз ету;

6) шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері үшін мамандар мен персоналды оқытуды, даярлауды, қайта даярлауды және олардың біліктілігін арттыруды ұйымдастыру;

7) сауда саясатының жүргізуін қамтамасыз ету;

8) көрмелер мен жәрмеңкелердің ұйымдастыруын жүзеге асыру;

9) Заңда белгіленген тәртіпте және мерзімде жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қабылдау және оларды қарау;

10) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.

16. Құқықтары мен міндеттері:

1) өз құзыреті шегінде қала әкімдігінің нормативтік құқықтық актілердің жобаларын даярлау;

2) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен белгіленген талаптарды сақтай отырып өз құзыреті шегінде «Степногорск қаласының кәсіпкерлік бөлімі» мемлекеттік мекемесіне міндеттелген функцияларды атқару үшін мемлекеттік органдардан, кәсіпорындардан және өзге де ұйымдарынан тиісті ақпаратты сұрау және алу;

3) «Степногорск қаласының кәсіпкерлік бөлімі» мемлекеттік мекемесінің құзырына кіретін сұрақтары бойынша басшыларды және басқа да атқарушы билік органдарының, кәсіпорындардың, ұйымдардың, мекемелерінің мамандарын тартуымен жиналыстарға белгіленген тәртіпте шақырту, қатысу;

4) өз құзыреті шегінде келісімдер, шарттар жасасу;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген басқа да құқықтарды жүзеге асыру және басқа да міндеттерді орындау.

3. Мемлекеттік органның қызметін ұйымдастыру

17. «Степногорск қаласының кәсіпкерлік бөлімі» мемлекеттік мекемесіне басшылықты «Степногорск қаласының кәсіпкерлік бөлімі» мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және өз функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бірінші басшы жүзеге асырады.

18. «Степногорск қаласының кәсіпкерлік бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысы заңнамамен белгіленген тәртіпте Степногорск қаласы әкімінің өкімімен лауазымға тағайындалады және лауазымнан босатылады.

19. «Степногорск қаласының кәсіпкерлік бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалатын және лауазымнан босатылатын орынбасары болады.

20. «Степногорск қаласының кәсіпкерлік бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысының өкілеттігі:

1) заңнамаға сәйкес «Степногорск қаласының кәсіпкерлік бөлімі» мемлекеттік мекемесінің жұмыскерлерін лауазымға тағайындайды және лауазымнан босатады;

2) «Степногорск қаласының кәсіпкерлік бөлімі» мемлекеттік мекеме жұмыскерлерінің міндеттерін және өкілеттіктерін белгілейді;

3) «Степногорск қаласының кәсіпкерлік бөлімі» мемлекеттік мекемесіне басшылық етуді жүзеге асырады, «Степногорск қаласының кәсіпкерлік бөлімі» мемлекеттік ме-

қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесіне бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

24. Егер заңнамада тыйым салынбаса, «Степногорск қаласының экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекеме, өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату

25. «Степногорск қаласының экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

кемесі жұмыскерлерінің жұмысын ұйымдастырады, үйлестіреді және бақылайды;

4) Заңнамамен белгіленген тәртіпте «Степногорск қаласының кәсіпкерлік бөлімі» мемлекеттік мекеменің жұмыскерлерін көтермелеу және ма- рапаттау мәселелерін шешеді және оларға тәртіптік жаза қолданады;

5) «Степногорск қаласының кәсіпкерлік бөлімі» мемлекеттік ме- кеме жұмыскерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарын бекітеді;

6) «Степногорск қаласының кәсіпкерлік бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бұйрықтарына қол қояды және «Степногорск қаласының кәсіпкерлік бөлімі» мемлекеттік мекеме жұмыскерлерінің орындалуы үшін міндетті тапсырмаларды береді;

7) жергілікті атқарушы органмен бекітілген штат санының лимиті шегінде «Степногорск қаласының кәсіпкерлік бөлімі» мемлекеттік мекеменің штаттық кестесін және оның құрылымын бекітеді;

8) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаға сәйкес мемлекеттік органдарға және басқа да ұйымдарға «Степногорск қаласының кәсіпкерлік бөлімі» мемлекеттік мекемесінің мүдделерін білдіреді;

9) заңнамамен белгіленген тәртіпте «Степногорск қаласының кәсіпкерлік бөлімі» мемлекеттік мекемесінің мүдделерін ұсыну үшін бөлім жұмыскерлеріне сенімхат береді;

10) сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар қабылдайды және ол үшін дербес жауапкершілікті артады;

11) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады;

«Степногорск қаласының кәсіпкерлік бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысы болмаған кезеңде, оның өкілеттіктерің, қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындайды.

21. «Степногорск қаласының кәсіпкерлік бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысы өз орынбасарының өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес белгілейді.

4. Мемлекеттік органның мүлкі

22. «Степногорск қаласының кәсіпкерлік бөлімі» мемлекеттік мекемесінің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

«Степногорск қаласының кәсіпкерлік бөлімі» мемлекеттік мекемесінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

23. «Степногорск қаласының кәсіпкерлік бөлімі» мемлекеттік мекемесіне бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

24. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, «Степногорск қаласының кәсіпкерлік бөлімі» мемлекеттік мекеме, өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату

25. «Степногорск қаласының кәсіпкерлік бөлімі» мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Жоба

«Степногорск қаласының кәсіпкерлік бөлімі» мемлекеттік мекемесі туралы Ережені бекіту туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына, «Қазақстан Республикасы мемлекеттік органының үлгі ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 29 қазандағы № 410 Жарлығына сәйкес, Степногорск қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Степногорск қаласының кәсіпкерлік бөлімі» мемлекеттік мекемесі қоса берілген Ережесі бекітілсін.

2. «Степногорск қаласының кәсіпкерлік бөлімі» мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамамен белгіленген тәртіпте және мерзімде Ережені Әділет органдарында мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Степногорск қаласының әкімі орынбасарының міндетін атқарушы Сағындық Серікбайұлы Шабаровқа жүктелсін.

4. Осы Степногорск қаласы әкімдігінің қаулысы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Степногорск қаласының әкімі **Ә. Күмпекеев**

Степногорск қаласы әкімдігінің 2016 жылғы «__» _____ № _____ қаулысымен бекітілді

«Степногорск қаласының кәсіпкерлік бөлімі» мемлекеттік мекемесі туралы Ереже

1. Жалпы ережелер

1. «Степногорск қаласының кәсіпкерлік бөлімі» мемлекеттік мекемесі Степногорск қаласының әлеуметтік - экономикалық дамытудың негізгі басымдылықтарын қалыптастыру және стратегиялық жоспарлау саласындағы мемлекеттің басымдылық бағыттарды, соның ішінде кәсіпкерлік және индустриалдық – инновациялық саясатты іске асыру саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. «Степногорск қаласының кәсіпкерлік бөлімі» мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне және өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. «Степногорск қаласының кәсіпкерлік бөлімі» мемлекеттік мекемесі мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

4. «Степногорск қаласының кәсіпкерлік бөлімі» мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

5. «Степногорск қаласының кәсіпкерлік бөлімі» мемлекеттік мекемесі, егер Қазақстан Республикасының

заңнамасына сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

6. «Степногорск қаласының кәсіпкерлік бөлімі» мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамамен белгіленген тәртіпте «Степногорск қаласының кәсіпкерлік бөлімі» мемлекеттік мекемесі басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдерді қабылдайды.

7. «Степногорск қаласының кәсіпкерлік бөлімі» мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

8. Заңды тұлғаның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 021501, Ақмола облысы, Степногорск қаласы, 4 ықшам ауданы, 1 ғимарат.

9. Мемлекеттік органның толық атауы - «Степногорск қаласының кәсіпкерлік бөлімі» мемлекеттік мекемесі.

10. Осы Ереже «Степногорск қаласының кәсіпкерлік бөлімі» мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

11. «Степногорск қаласының кәсіпкерлік бөлімі» мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

12. «Степногорск қаласының кәсіпкерлік бөлімі» мемлекеттік мекемесіне кәсіпкерлік субъектілерімен «Степногорск қаласының кәсіпкерлік бөлімі» мемлекеттік мекемесінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егерде, «Степногорск қаласының кәсіпкерлік бөлімі» мемлекеттік мекемесіне заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. Мемлекеттік органның миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

13. «Степногорск қаласының кәсіпкерлік бөлімі» мемлекеттік мекемесінің миссиясы: мемлекеттік реттеу, мемлекеттік қолдау және жеке кәсіпкерлікті дамыту саласында мемлекеттік саясатты іске асыру, бәсекелестікті дамытуға жәрдемдесу.

14. Міндеттері:

1) экономиканың басым секторларын дамыту үшін қолайлы жағдайларды жасау;

2) ауданның аумағында кәсіпкерлік қызмет пен инвестициялық ахуалды дамыту үшін жағдайларды жасау;

3) бәсекеге қабілетті жаңа өндірістерді дамыту үшін жағдайларды қамтамасыз ету;

4) индустриялық-инновациялық қызмет субъектілерінің инвестициялық тартымдылығын және экспорттық әлеуетін арттыру.

15. Функциялары:

1) жеке кәсіпкерлікті қолдау мен дамытудың мемлекеттік саясатын іске асыру;

2) өңірдегі мемлекеттік бағдарламалардың іске асырылуы мен орындалуын қамтамасыз ету;

3) сарапшылық кеңестердің қызметін ұйымдастыру;

4) ауданды дамыту бағдарламасын мәслихаттың бекітуіне ұсыну және өзірлеу, оның орындалуын қамтамасыз етуді бақылау;

5) жергілікті деңгейде жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдауды

Құдайберді БАҒАШАРОВ: ДАИШ-тің қаупі асқынып тұр

Бүгінде Ирак пен Сирия жерін қанға бөктіріп, тұтас әлемге қауіп төндіре бастаған ДАИШ террорлық ұйымы, олардың идеологиясы, негізгі көздеген мақсаттары, радикалды діни ағымдардан қорғану тақырыбында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің аға оқытушысы, PhD докторы Құдайберді Бағашаровты әңгімеге тартқан едік.

– Құдайберді Сабыржанұлы, қазіргі уақытта қауіпсіздік саласында да, саясатта да, тұрақтылық пен дін тақырыбында да басты мәселенің бірі ДАИШ террорлық ұйымы болып отырғаны белгілі. Осы тұрғыдан сұқбатты мына сұрақтан бастасақ. Жалпы ДАИШ қандай ұйым, көздегені не?

– Қазіргі мұсылман елдерге қарасақ, Ауғанстанда әл-Каида, Ирак пен Сирияда ДАИШ, Сомалиде әш–Шәбаб, Нигерияда Боко Харам, Түркияда Күрдтерден құралған террорлық ұйымдар секілді бірқатар атышулы лаңкестік топтар барын көреміз. ДАИШ – осылардың арасында жауыздығы асқынып тұрған, ең белсенді лаңкестік топ. Жалпы көздеген мақсаты – аты да айтып тұрғандай, Ислам мемлекетін құру, халифаттық басқару жүйесін орнату. Халифат дегеннен шығады, анығында, қарамағындағы халық негізгі құқықтар мен бостандықтарға, таңдау құқына ие және басқа да қабылданатын шешімдерге қатыса алатын болса, діни сенім еркіндігі қамтамасыз етіліп, мемлекет сөз бостандығы мен білім беруді қолдайтын болса, бұны Құранға қайшы деп қарастыру қиын. Тіпті бұндай жағдайда басқа мемлекет іздеудің, өзге елді паналап көшудің еш қажеті жоқ. Шариғатта мемлекетті басқару қағидаттарына небәрі бес пайыздай ғана көңіл бөлінсе, қалған тоқсан бес пайызын исламның басқа да бұйрықтары, моралдық жүйесі, адамгершілік қасиеттер, сенім негіздері құрайды.

– Сонда бұл топтар Ислам дінін дұрыс түсінбеуде ме?

– Иә, мәселен, Ауғаныстан Ислам әмірлігі деген атпен 1996-2001 жылдары билікке келген Талибан өздерінің дінге жатқызып жасаған іс- әрекеттерімен әлем қауымдастығының қарсылығын тудырмап па еді?! Олар да идеологиясының негізін ел басқару жүйесін шариғат заңдарына бағыттады. Бақылауындағы аймақтарға күштеп талаптар қойды. Тіпті қыз балалардың мектепте білім алуына қарсылық танытты, тағы біраз дүниелерге орынсыз тыйым салды. Нигериядағы «Боко Харам» лаңкестік тобы да батыстық білім беру жүйесіне қарсымыз деп, қыз балалардың мектептерге баруына жол бермеуде. Ал шындығында, білімге тосқауыл қоюмен мұсылман елдерінің алға жылжуы қиын. Қыз балаларды ұл балалардан кем етпей қайта оқыту керек. Оқумен қоса, жақсы мұсылмандық тәрбие беремін десе, ол өз еркі. Модернизм мен Батыстық білім беру жүйесіне қарсылық та-

нытуды ақылды ұйғарымға жатқыза алмаймыз. «Жақсыдан үйрең, жаманнан жирен» деп ата-бабаларымыз айтқандай, батыстық озық дүниелердің керегін таңдап алып, шығыстық құндылықтармен синтездей білген жөн.

– ДАИШ сонымен несімен қауіпті?

– ДАИШ-тің қауіп-қатерін бірнеше тұрғыдан қарастыруға болады. Мәселен, мүшелерінің қолына қару ұстатып, қара күшке арқа сүйеуі. Тарихтан да байқалғандай, жақсылықты іс ешқашан зорлықпен жасалмайды. Ислам діні де әу бастан бейбіт ұстаныммен таралды. Сондықтан, дегенін күшпен істету ислам ұстанымына қайшы. Олар исламды зорлықшыл дін ретінде көрсетуде. Құран аятында дінде күштеу жоқтығы анық ескертілген. Екінші бір қауіп, шімірікпей адам өлтіруі. Тіпті мұсылман болса да қанын судай шашуы. Бұл исламдағы ең алғашқы бүлікшіл ағым Харижиттерде кездескен ерекшелік. Харижиттер өз пікірлеріне қосылмағандарды күпірлікпен айыптаған, хазірет Османды, әділетті халифтардың соңғысы хазірет Әлиді де еш шімірікпестен шейіт еткен, тіпті сол әрекетін мақтаныш көрген. Сахаба Абдулла ибн Хаббаб ибн Әрат пен аяғы ауыр әйелін де өз пікірлеріне қосылмағаны үшін-ақ аяусыз түрде өлтірген. ДАИШ-тің әйел, бала-шаға демей, керек десеңіз, өзге дін өкілдерін де талғамай өлтіріп, әлем жұртшылығын Ислам десе, шошитын күйге келтіруде. Ал исламда адам өлтіру үлкен күнә. Соғыс кезінің өзінде әйел, бала-шағаны, бейбіт тұрғындарды, ғибадатханаларды паналағандарды, көрі кісілерді өлтіруге тыйым салынған. Мұхаммед пайғамбар (с.а.у.) «Кім мұсылмандар қарамағындағы өзге дін өкіліне қиянат жасаса, ақыретте онымен өзін есептесемін» деп қатаң ескерткен. Сондықтан бұл әрекеттерді тек жауыздық деп қана бағалауға болады. Бұған қоса, халифат орнатамыз деп даурығатындай Сирия да, Ирак та өзге дінді ұстанатын елдер емес, тарихтан ислам мәдениетінің бесігі болған, арғысы ұлық имам Әбу Ханифа, бергісі Уахбату Зухайли секілді небір мықты ғалымдар шыққан орта.

– Сөз арасында Харижиттер туралы айтып қалдыңыз. Харижиттік көзқарас, түсініктің ерекшелігін қалай ажыратуға болады?

– Харижиттер – Ислам тарихындағы ең алғашқы бүлікшіл ағым ретінде білінеді. Заңды билікке қарсы келу, талас-тартыспен бүлік шығару, қарулы қарсылық таныту, орынды уәжге тоқтамау, тек өздерін ғана ақиқатшыл деп біліп, өзгелерді адасуда деп қабылдау, өздеріне қосылмағандарды жау санау, күнә істеген адамды көпір деп айыптап, оны өлтіріп, дүние-мүлкін тонауға болады деп қабылдау, өз түсініктерін өзгелерге күшпен таңуға тырысу,

зорлықшыл әрекетке бару, таңдаулы сахабалардың өзін аяусыз өлтіру, террорлық акт жасау т.б. алғаш осыларда байқалған. Екіншітсі сол әділетті халифалар кезінде пайда болған аса қауіпті харижиттік түсінік тарихта сол күйі жоғалып кетпеді. Одан бергі ғасырларда да әр түрлі атпен қылаң беріп келеді. Бүгінгі террорлық діни ұйымдардың астарынан да осыны байқауға болады.

– Енді бұндай радикалды ағымдармен күрес тура-сына ойыссақ...

– Иә, дінді қате түсінудің дінге тигізер кесірі сыртқы күштердің дінге тигізетін кесірінен әлдеқайда орасан. Расында, бүгінгі күні мұсылмандар өздеріне деген сынды күшейткені дұрыс. Радикал топтардың қатарына ертіп кете беретіндей, ақ пен қараны ажырата алмайтындай халық соншалықты діни сауатсыз ба? Жоқ, жастарымыз қараусыз ба? Егер шынымен де деңгейіміз сондай төмен болса, онда бұл мәселенің шешімі сондық ұзай түседі. Ендеше, халықты қажетті ақпараттармен қамтамасыз етіп отыруды үзбеген дұрыс. Әрі радикалды идеялармен тек дінге жауапты мекемелер ғана емес, басқа да азаматтық қоғам ұйымдары, мемлекеттік мекемелер – бәрі жұдырықтай жұмыла кірісуі керек. Елімізде 15-16 белгілі лаңкестік діни ұйымдарға тыйым салынған. Араларына былтырғы жылы осы ДАИШ де кірді. Өйткені жалпы әлем елдеріне төніп тұрған қауіптен Қазақстан шет қала алмайды. Республикамызда профилактика жұмыстарының арқасында діни радикалды сайттарға тазарту жүргізіліп тұрады. Дін істері комитетінің ұйымдастыруымен бірқатар маңызды шаралар қолға алынуда. Ақпараттық насихат топтарының да түрмелерге дейін барып өте белсенді жұмыс істеп жатқанын білеміз. Оның тысында Облыстық Дін істері басқармалары да ауыл аудандарда дін және зайырлылық тақырыбына жиі кездесулер ұйымдастырады. Муфтият жүйесі өз алдына, дінтану сабақтары да белгілі бір деңгейде жастардың дұрыс діни түсінік алуына көмектеседі. Бұның барлығы да радикалды идеяларға еріп кетпеу үшін елімізде жасалып жатқан жұмыстар. Бұған қоса, исламның бейбітсүйгіш келбетің, ғылым, білім, дінаралық сұқбаттастыққа ашықтығын, көптүрлілікті байлық деп білетінін, толеранттылығын, әрдайым татулық пен тыныштықты жақтайтынын, ондағы жиһад, әйел түсінігі, наным-сенімі, ұлты, нәсіліне қарамастан адамға құрмет пен адам өмірін сақтаудың маңызы, адамгершілік құндылықтарын да жиі насихаттап түсіндіре берген дұрыс.

– Уақыт бөліп, сұқбаттасқаныңызға рақмет!

Әңгімелескен Гүлмира ШАРХАНҚЫЗЫ. e-islam.kz

Ақмола облысының әлеуметтік-экономикалық дамуы

2016 жылғы ақпан

Степногор қ.ә.

Әлеуметтік даму

Халық, адам (2016 жылғы 1 ақпанға)	69,1
Туғандар, адам (2016 жылғы қаңтар)	99
Өлгендер, адам (2016 жылғы қаңтар)	83
Келген, адам (2016 жылғы қаңтар)	116
Кеткен, адам (2016 жылғы қаңтар)	78
Көші-қон айырмасы, адам (2016 жылғы қаңтар)	38
Жұмыспен қамту органдарында жұмыссыздар ретінде тіркелген азаматтар саны (2016 жылғы ақпанның соңына, адам) ¹⁾	113
Жұмысқа орналастырылды, адам (2016 жылғы қаңтар-ақпан) ²⁾	233
Жалақы, теңге (2015 жылғы қаңтар-желтоқсан)	99 734
Орташа облыстық деңгейге орташа жалақының ара қатынасы, %-бен	113,0
Күнкөрістің ең төменгі деңгейінің шамасы, теңге (2016 жылғы ақпан)	18 535

¹⁾ Жұмыспен қамтуды және әлеуметтік бағдарламаларды үйлестіру басқармасының деректері бойынша.

Экономиканың нақты секторы

	2016 жылғы қаңтар-ақпан	2015 жылғы тиісті кезеңге, %-бен
Өнеркәсіп өнімінің көлемі, млн. теңге	15 134,3	183,5
Кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді қазу	2 792,9	134,7
Өңдеу өнеркәсібі	9 611,6	208,9
Электрмен жабдықтау, газ, бу беру және ауа баптау	2 432,0	136,4
Сүмен жабдықтау, кәріз жүйесі, қалдықтарды жинау және балуді бақылау	297,8	122,0

Ауыл шаруашылығы


	2016 жылғы қаңтар-ақпан	2015 жылғы тиісті кезеңге, %-бен
Ауыл шаруашылығының жалпы өнімі, млн. теңге	419,4	101,1
Тірідей салмақта союға өтізілген мал мен құс тонна	85,9	102,6
Сауылған сиыр сүті, тонна	395,8	101,5
Алынған тауық жұмыртқасы, мың дана	125,0	101,6

Тіркелген кәсіпорындар саны

	2015 жылғы 1 наурызға	2016 жылғы 1 наурызға	2015 жылғы тиісті кезеңге, %-бен
Тіркелген кәсіпорындар саны, барлығы	1 004	942	93,8
одан: шағын орта ірі	971 22 11	907 24 11	93,4 109,1 100,0

	2016 жылғы қаңтар-ақпан	2015 жылғы тиісті кезеңге, %-бен
Негізгі капиталға салынған инвестициялар, млн. теңге	1 475,6	5,4 есе
Тұрғын үйлерді пайдалануға беру, шаршы метр	-	-
Құрылыс жұмыстарының көлемі, млн. теңге	118,7	108,4
Бөлшек тауар айналымының көлемі, млн. теңге	1 682,4	99,6

Ауыл шаруашылығы жалпы өнімінің нақты көлем индексі



Басқатырма

Көлденеңінен: 4.Қыз бала ойыншығы. 7.Газет болатын. 8.Орын беру, ысырылу. 11.Нан болатын. 12.Тұрсынбектің атасы. 13.Оған да тарақ керек. 14.Қылыш тұратын. 17.Үн. 18.Ауыр жаза. 21.Қыз ұнататын. 22.Арыстан айы. 24.Футболшыға берілетін шағын айып.

Тігінен: 1.Ду..... 2.Сабау. 3.Сыйлық. 5.Мерекелі ай. 6.Бұға тоятын маман. 9.Көп қиындық. 10.Ағаш көркі. 15.Курортты түбек. 16.....садақа. 19.Түсінісу. 20.Отынды «соғатын». 23.Ауқымды.

Құрастырған П. ЖАНБАЕВ



№11 сандағы басқатырманың жауабы

Көлденеңінен: 4.Оқырман. 7.Сағат. 8.Тырна. 11.Қарғы. 12.Қобыз. 13.Жыр. 14.Сыр. 17.Тынық. 18.Сақшы. 21.Балға. 22.Келте. 24.Есепсіз.

Тігінен: 1.Ақпан. 2.Өре. 3.Мамыр. 5.Қарға. 6.Антон. 9.Сағыныш. 10.Қызылша. 15.Сынақ. 16.Балта. 19.Ағасы. 20.Теріс. 23.Опа.

Дұрыс жауабын шешкендер: Айдар Аяпов, Марта Абатқызы, Бақыт Қорғашқызы, Оспан Омаров, Жеңіс Алтынұлы, Серік Қонақов, Мұқан Қунақ, Шырын Рахат, Ақан Шекеров, Бабажан Досов.

Жалпыұлттық сенім телефоны

Өзекті мәселелер, мемлекеттік бағдарламалардағы нысандарды орындаудағы жеткіліксіз істер туралы жедел ақпаратпен қамту бойынша әрбір тұрғынның жалпыұлттық сенім телефоны арқылы қоңырау шалуларына болады. Жемқорлыққа қарсы орталыққа хабарламаларды мына телефонға: 8-800-080-8000 (қоңырау республика бойынша тегін), сонымен бірге мына электрондық мекенжайға хабар жібере аласыздар: post_pk@otan.kz

Сенім телефоны

Степногорск қаласының білім бөлімі қала және кент тұрғындарына 6-12-26 сенім телефонын жариялайды. Бұл телефонмен сіздер білім бөлімінің қызметіне байланысты кез-келген жағдайды хабарлай аласыздар.

Қала әкіміне өтініштеріңізді білдіре аласыздар

Сіздер өз сұрақтарыңызбен тілектеріңізді білдіру үшін Степногорск қаласының әкімі Күмпекеев Әнуар Қайыргелдіұлының блогына кірулеріңізге болады. Блог мына сайтта орналасқан: step.akmol.kz. Анықтамалар үшін мына телефонға қоңыраулаңыздар: 6-16-42.

Сенім телефоны Әділет Департаментінде де бар

Степногорск қаласындағы Әділет басқармасы қала және кент тұрғындарына мынаны хабарлайды: Ақмола облыстық Әділет департаментінің сайты мынадай болып өзгергенін ескертеді - www.adilet-akmol.gov.kz.

Әділет департаментінің сайтында «Басшылыққа сұрау беру» деген блогы бар, оған әрбір адам Ақмола облыстық Әділет департаментінің бастығына сұрау қоя алады. Әділет саласына қатысты мәселелер, сенім телефоны арқылы шешімін табады, ол үшін мына телефонға 199 немесе 8 (7162)253087 қоңырау соғыңыздар. Әділет саласының қызметінде Ар-намыс кодексін бұзған, жемқорлыққа орын берген жағдайда хабар беріңіздер.

Степногорск қ. Әділет басқармасы

Наурыз- игілік мерекесі

Наурыз мерекесі қарсаңында Жастар ресурстық орталығының бастамасымен, қалалық мешіттің қолдауымен қарт кісілер ордасында болып, оларға мерекелік көңіл-күй сыйланды. Мерекелік концертті №5 КМЛ мұғалімдері мен өнерпаз оқушылары қойды. Концерт барысында дарынды жас балалар мен тәлімгерлер әсем әндерін, көркем билерін ұсынды. Домбырашылар оркестрі болса құлақтың құрышын қандыратын күйлерін құйқылжытты. Бұл қарт кісілерге ұнады деп ойлаймыз.

Осы керемет концерттен соң қалалық мешіттің наиб-имамы Кен-жалин Данияр Айтбайұлы жылы лебіздерін жеткізді. Ол қарт кісілерге мықты денсаулық, ұзақ өмір тілеп, мерекелік ыстық бауырсақтарын ұсынды.

Қарттар ордасының тұрғындары өнерпаздарға қол шапалақтап, құрмет көрсетті. Жастар ресурстық орталығы, мешіт ұжымы, мұғалімдер мен оқушыларға ақ баталарын беріп, рахметтерін айтты. Осындай кез-келген кездесулер қарт кісілердің көңілін көтереді, мерекелік ыстық лебіздің құндылығын арттырады.

Әлия САУТБАЕВА, ЖРО әдіскері

Іс жүргізу, мұрағат саласының терминдері

Р.с	Терминдер атауы	Мемлекеттік тілдегі баламасы
1.	Альтернатива	Балама
2.	Амбиция	Көудемсоқтық
3.	Амнистия	Рақымшылдық
4.	Анафема	Қарғыс айту, бөддұға
5.	Анкета	Сауалнама
6.	Аннулирование	Күшін жою
7.	Бездeятeльнoсть	Әрекетсіздік
8.	Бeззaбoтнoсть	Бейғамдық, қамсыздық
9.	Бeззaкoнoнe	Заңсыздық
10.	Бeскoрыстнoй	Риясыз
11.	Бeспpизopнoй	Панасыз
12.	Бeспpистpастнoсть	Тұрашылдық

Н.ЫДЫРЫСОВ, «Степногорск қалалық оқыту-әдістемелік орталығы» КММ әдіскері

«Степногорск қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ тұрғындарды «Өрлеуге» кесімді ақшалай көмек жобасына қатысуға шақырады.

«Өрлеу» жобасына қатысудың 5 себебі:

- Отбасының табысы төмен деңгейде болса (яғни, күнкөріс деңгейі отбасының жан басына шаққанда 60 пайыздан төмен болуы).
- Еңбек нарығында өз орнын тауып, тығырықтан шығуға деген құлшынысыңыз болса.
- Жаңа нәрсені үйренуге деген әзірлік және жұмыс істеуге деген ұмтылыс.
- Бір жыл бойы ай сайын тұрақты түрде шартты ақшалай көмекті алуға деген ниет, сөйтіп, отбасының тұрмыс жағдайын көтеруге деген ынта.
- Отбасыңызға деген сүйіспеншілік және тұрмыс жағдайын өзгертемін, бала-шағаңыздың болашағы жарқын болсын деген мақсат қажет.

Степногорск қаласы, әкімшілік ғимараты, 2 қабат, 24 кабинеті, тел. 6-25-94.



ҚІІБ сенім телефоны

Құрметті қала азаматтары! Сіздерге Степногорск қалалық Ішкі істер басқармасында сенім телефондары бар екенін ескертеміз. Қылмыстық іс пен құқықбұзушылықтың куәсі болған жағдайда мына сенім телефондарына қоңырау шалыңыздар: 2-70-03, 2-72-55, 2-72-20.

Қала және кент тұрғындарының назарына!

Қалалық мәслихат аппаратының лауазымды тұлғаларының Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын бұзу фактілері туралы хабарлау үшін Степногорск қалалық мәслихатында 6-26-67 сенім телефоны жұмыс істейді.

Степногорск қалалық мәслихаты

ХАБАРЛАНДЫРУ

Степногорск қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінде 6-20-30 сенім телефоны орнатылған, мұнымен Сіз бөлімнің мемлекеттік қызметшілер тарапынан Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңын бұзған жағдайын хабарлай аласыз.

СТЕПНОГОРСК
АҚШАМЫ

Аймақтық қоғамдық-саяси газеті

Меншік иесі: «Степногорск қаласының Медиа Орталығы» ЖШС (Ақмола облысы)
Редактор - Полатбек ЖАНБАЕВ

Беттеуші дизайнер - Екатерина САХНОВА
E-mail: step_tv86@mail.ru

Тіркелген күні: 27.08.2012 жылы Қазақстан Республикасының мәдениет және ақпарат министрлігінде тіркеліп, бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы №12983 - Г куәлігі берілген
Редакцияның мекен-жайы: Степногорск қаласы, 4 шағынаудан, №1-үй, Әжімдік, 11-қабат.
Телефоны: 6-48-62, факс: 6-93-55.

Газет "Газетный двор"
АҚ-да басылды. 020000.
Петропавл қаласы,
Мұсерпов көшесі, 34В

Бейсенбі күндері шығады
Таралымы 1000 дана
Тапсырыс 421

Еске алу

2014 жылғы наурыздың 30 күні біздің жанұяға қаралы күн болды. 30-ға жаңа ғана толған сүйікті қызымыз Жанар жол апатынан қаза тауып, бәріміз есеңгіреп қалдық. Міне, екі жыл да өте шықты. Артында жылап қызы – Малика, ата – анасы, бауырлары, туған-туыстары қала бердік. Жатқан жерің жайлы, жаның жәннатта болсын дей отырып, осы өлең шумақтарын жолдап отырмыз!

Жапырақ, жауқазыннан сең, үзінді...

Меңіреу, мекен еткен тұңғықты,
Ажалға, асыл жанын кім қиыпты?
Аман-сау болар ма едің бәлкім
ботам,

Аңсамай жүрсең егер тым биікті?...
Жаным-ай, Жанарым-ай,
көзқарасың...

Өлімге қия ма адам өз баласын?
Еңіреп, етек-жеңің жасқа толып,
Езіліп, еңсең түсіп өз боласың...

Жарқ етіп, жанарымның тамшы-
сындай,

Жоқ болдың, әсем әнді таң
құсындай.

Шынында бұл өмірдің ұзақтығы,
Қазақтың, қыл бұраулы
қамшысындай...

Кім білер, күші жетіп алдағысын?
Жанарым...

Көз алдымда бардағы ісің...
Қуаныштың кеудемнен күйін

алған,
Жанымның, жан қимайтын

ардағысың.

Қайтейін, қарсы келіп тағдырыма?

Ұшырып үмітімді таң нұрына,
Сен жоқсың...

Мұңымды айтып отырамын,
Көңілсіз, күздің суық жаңбырына.

Санам сақ, мен өзімді жыға та-
нып...

Өзіңсіз...
Атпай қойды, құба таңым.

Соңында қалған сынық тұяғыңды,
Медеу қып, жүрегімді жұбатамын.

Жаратқан, кешір кетсем артығырақ.
Қайғының алды шөл де, арты бұлақ.

Өмірдің өзегіне дақ түсе ме?
Жас емес, кетіп жатса қарты

бірақ?...
Жүрегім...

Сен тұратын үйің еді...
Тұрғыны, кетіп бүгін күйінеді.

Апыр-ай, асылынан айырылған,
Адамға қандай тіпті қиын еді?...
Дыбысы, шықса аяқтың есігімнен,
Елеңдеп, жандай болам есі кірген.

Сенсіз мына өмірдің күні батып,
Қайғының, қабағыма кеші кірген...

Алланың, амал бар ма шарасы-
на?

Біреудің, ажал тиген дарасына...
Үзіліп түскен жасым кірпігімнен,
Жүректің ем болар ма жарасына?

О тағдыр...
Қандай суық қатал едің?

Жаның болса, жүректен атар едім.
Бұйрығың, сенің маған жайлы

болса,
Құшақтап, Жанарымды жатар

едім...

Жасаған!

Тәубе деймін, тәубе деймін.

Жүрек жарлы...

Ал дені, сау кедеймін.

Не қылам, өзгелерге мұңымды
айтып?

Жасырын, өз жанымды
әурелеймін...

Бұл жалған,

Мәңгілікке тұрақ болса...

Ал ажал,

Адамзаттан жырақ болса...

Жанның бәрі жарқырап жүрер еді,

Жұмағың,

Осы өмірде бір-ақ болса...

Көз ілмей, күтіп алып арқа таңын,

Көңілдің, күйік шерін тарқатамын.

Жүрегім запыранға толып тұрып,

Ес кетіп, елесіңнен бал татамын...

Ағызған қарашықтан теңіздімді,

Жапырақ, жауқазыннан сең, үзінді...

Отырам ойларымды жинай алмай,

Түнерген түннен іздеп мен ізінді.

Айналып азабыма тынық түнім,

Баласың, бауыр еті ұмытты кім?

Сағынып сені, атырған таңымның

да,

Қабағы мен сияқты сынық бүгін...

Бұл өмір, көз алдаған жалған, әсте.

Қу тірлік, сағым қуған қарбалас тек.

Өмірің, өлім атқа жегіледі,

Ажалдың қамытында арбалас кеп...

Ғұмырда, қайғыдан да бар ма

тұман?

Сұраймын жылап тұрып Алла

атынаң,

Ақ жүрек, аңқылдаған құлыныма,

Жай берсін, Жаратқаным

жәннатынан!

Төлеубаевтар жанұясы.



Тыныштық жаршысы

Белгілі бір елді мекендегі мекемелер мен кәсіпорындардағы, алпауыт зауыттар мен өнеркәсіпте жұмыс істейтін қызметкерлердің қауіпсіздігіне, тыныштығына жауапты және жалпы, мемлекеттің мүлігіне жауапты азаматтар болады.

Оларды жұрт күзет полицейлері деп атайды. Күні-түні ел тыныштығын күзететін осындай жандардың бірі Ақмола облысы мамандандырылған күзет қызметі басқармасының Степногорск қаласындағы рота полицейі Каримов Ерлан Бейсембаевич.

Ол 1986 жылы Ақмола облысы, Ерейментау ауданы, Бестөбе аулында дүниеге келді. Жастайынан білімге құштар жас бала 1993 жылы Бестөбе орта мектебінің табалдырығын аттайды. 2004 жылы аталмыш мектепті тәмамдап шыққан соң 2006 жылы Степногорск қаласындағы Астана әлеуметтік-гуманитарлық кооледжін бітіріп шығады. Одан кейін Абай Мырзахметов атындағы Көкшетау университетінің «Құқықтану» мамандығы бойынша сырттай оқуға түседі.

2008 жылы Отан алдындағы қызметтік борышын абыроймен атқарып келген соң, Қарағанды облысы Теміртау қаласындағы ҚР ІІМ алғашқы дайындық училищесінің тыңдаушысы болады. 2009 жылы Ақмола облысы МҚКБ Степногорск, Ақкөл және Шортанды ауданындағы рота полициясы қызметіне тағайындалады.

Құқық қорғаушыларға қойылатын талаптар жылдан-жылға жоғарылап келеді. Елбасының өзі бұл сала қызметінің сапасын тікелей қадағалап отыр. Сол себепті де рота полициясы өз қызметіне тікелей асқан жауапкершілікпен қарайды.

Ең басты міндет қылмыс жасалғаннан кейін салдарымен күрес емес, оның алдын-алу екенін жақсы ұғынатын азамат өзіне тиесілі қызметіне қашанда сақ. Өз қарамағындағы адамдармен қашанда тығыз қарым-қатынасты болады. Бүгінде қызмет жасуға мемлекет тарапынан жан-жақты тиісті қамқорлықтар жасалып келеді.

Осыған сай, Ерлан да сол үдеден шығып, азаматтардың Конституциялық құқықтарын қамтамасыз ету үшін аянбай еңбек етуде.

Ендеше, ел тыныштығын кірпік қақпай күзетуге әзір Ерландай ел азаматтары қашанда аман болғай.

Ақмола облысы МҚКБ 2-полиция Батальоны полиция
кіші сержанты БЕКМУРЗА Ж.С

Боз кілемдегі белдесулер



24-27 наурыз аралығында облыс орталығы Көкшетау шаһарында қазақша күрестен ел чемпионы болып өтті. Біздің жерлестеріміз қала намысын қорғауға атсалысты. Алтынға бергісіз күміс жүлдемен күптелген Екатерина Рышкевич 36 келі салмақты балуандар арасында алдына тек бір кісіні ғана салды. Жас спортшыны табысымен құттықтаймыз. Оны осындай жетістікке жеткізуге қол ұшын берген жаттықтырушы-ұстазы Р.Жакетовтың де еңбегі ұшан-теңіз. Толағай табыстарыңыз көбейе берсін дегіміз келеді оларға. Жеңістер көп болғай!

Степногорск қаласындағы БЖСМ ұжымы

«Жемқорлар» кеңесі

(Күлкі күніне әзіл)

*Жай жүргенше – жей жүр.
*Жемқорлық жетістікке жеткізеді.
*Жем-жегендікі, пайда-кедендікі.
*Жегеннің жеңі майланар.
*Тойып жеген оңдырмай құсады.
*Пара бер де, бара бер.
*Жемегеннің бүйірі шықпайды.
*Ұсталмаған ұры емес.
*Бермегеннің бағы жанбас.



Р.ЕРМАХАНБЕТОВ

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Сіздердің назарларыңызға төтенше жағдайлар Басқармасы Степногорск қ. сенім телефоны жұмыс істейтінін ескертеміз. Біздің қызметкерлерге байланысты қатысы бар барлық мәселелер бойынша заңсыз іс-әрекеттерді Степногорск қ. ТЖБ мына телефон нөмірі бойынша: 6-13-83 хабарлаңыздар.

БАЙЛАНЫСТА БОЛЫҢЫЗДАР

«Степногорск ақшамы» газетіне түрлі мақсаттағы жарнама, құттықтау тілектеріңізді бере аласыздар. Туған күндер мен мерейтой иелерінің қуанышына ортақтассаңыздар да болады. Фотосуретпен берудің де маңызы үлкен. Өлең шумақтарын қоссаңыздар, тіптен жақсы. Сату, сатып алу, жалға беру мәселелеріне де орын беріледі. Редакцияның мекенжайы қалалық әкімдіктің 11-қабатында. Электронды пошта: step_tv86@mail.ru

Өз газетіңізге 2016 жыл үшін «Қазпоштаның» бөлімшелерінен уақытылы жазылыңыздар!

**Степногорск
АҚШАМЫ**
Аймақтық қоғамдық-саяси газеті

1 жылға - 2 520 теңге,

6 айға - 1 260 теңге,

3 айға - 630 теңге.

**31 наурыз,
бейсенбі**



**бұлтты
11°C / 2°C**

**1 сәуір,
жұма**



**жаңбыр
9°C / 2°C**

**2 сәуір,
сенбі**



**бұлтты
8°C / 3°C**

**3 сәуір,
жексенбі**



**жаңбыр
13°C / 3°C**

**4 сәуір,
дүйсенбі**



**бұлтты
16°C / 6°C**

**5 сәуір,
сейсенбі**



**жаңбыр
14°C / 4°C**

**6 сәуір,
сәрсенбі**



**бұлтты
13°C / 2°C**